

2025-2026 оқу жылының тәрбие шараларына шолу

2025-2026 оқу жылында 50 сынып комплектісі бар. Оқу жылында әр сыныпқа сынып жетекші (менторлар) тағайындалып,әр жетекші өз сыныбындағы тәрбие жұмыс жоспарын жасап бекітті. Мектеп бойынша тәрбие сағаты әр дүйсенбі күні өткізілді, тәрбие сағаттарының өткізілуі Күнделік.кз журналында белгіленді.

Сынып жетекшілер ашық тәрбие сағаты мен сыныптан тыс шараларды жоспарлы түрде өткізді. Сыныптағы оқушылардың оқу-тәрбие әрекетін ұйымдастыру, тәрбиелік шаралардың ықпалын үйлестіру сынып жетекшілеріне жүктелді.

Мектепте дәстүрлі мерекелер мен атаулы күндерге байланысты іс-шаралар жүйелі өткізіледі. Оқушылардың жас ерекшеліктері мен қызығушылықтары ескеріле отырылып тәрбиенің әдіс-тәсілдері анықталып, интерактивті әдіс-тәсілдерді қолдана отырып шаралар ұйымдастыру қолға алынып, жүзеге асырылуда.

2025-2026 оқу жылында өткізілген тәрбиелік шаралар:

1қыркүйек "Білім күні"мерекесіне арналған салтанатты жиын *«Жаңа оқу жылы-жаңа мүмкіндіктер!»* ұранымен өткізілді. Мемлекеттік Гимн орындалғаннан кейін мектеп директоры А.Рамазанов 2025-2026 оқу жылының басталуымен құттықтап,алға қойылған мақсат-міндеттермен таныстырып, оқушылардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыруға ат салысқан ұстаздарды марапаттады. Қазақтың ұлттық биі биленіп, әсем әнмен жалғасын тапты.Жиын дәстүрлі қоңырау соғу рәсімімен аяқталды.

<https://www.instagram.com/reel/DODltYliOQM/?igsh=MW16eTNwdWswZGJsNA==>

Қыркүйектің 8-10 аралығында барлық сыныптарда ата-аналар жиналыстары ұйымдастырылды. Ата-аналар жиналысының тақырыбы: «Тәрбие тал бесіктен »

1. Ұйымдастыру бөлімі (танысып,жағымды жағдай қалыптастыру үшін тренинг);
2. "Тәрбиенің ең тамаша мектебі-отбасы"(баяндама,коучинг,пікіралмасу,т.б арқылы тақырыпты ашу);
3. Мектептің ішкі тәртіп ережесімен,мектеп жарғысымен таныстыру (ұялы телефон, екінші аяқ киім, мектеп формасы,

сабақтан себепсіз қалмау, т.б өзекті мәселелерге тоқталу);

Оқушылар өмірінің қауіпсіздігі (жол,су,өрт,биіктен құлау,түнгі мезгілдегі шектеулер,ақпараттық қауіпсіздік:әлеуметтік желі мәдениеті);

1. Ата-аналар комитетін сайлау;
2. Ағымдағы мәселелер.

<https://www.instagram.com/reel/DOVKXSTCPLY/?igsh=MXYY1MGdGJoc3VqNg==>

Отбасы күніне орай, мектебімізде ерекше мазмұнды, тәрбиелік мәні зор шара өтті. Оқушыларымыз бен ата-аналарымыз бірге жиналып, ұлттық салт-дәстүрімізді дәріптейтін түрлі шеберлік сабақтарына қатысты. Аналарымыз қыздарымен бірге – майшам жасау өнерін үйренсе,әкелеріміз ұлдарымен бірге – қамшы өріп, ұлттық мұрамызды жалғастырды.Оқушыларымыз өнерлерін ортаға салып, әсем ән мен терме орындап, әкелер мен балалар ұлттық ойындар ойнап, ерекше әсерге бөленді.Белсене қатысқан ата-аналарымызға алғыс хат табысталды. Осындай шаралар арқылы біз оқушы–мектеп–ата-ана үштігінің ынтымақтастығын арттырып, жас ұрпақтың жүрегіне ұлттық құндылықтарды сіңіреміз.

<https://www.instagram.com/reel/DOiQy0RDeQT/?igsh=MTl3emY0aGk4OTlhZA==>

21 қыркүйек күні "Қыз баланың бой мен ой жетуі"тақырыбымен жалпы мектепішілік қыздар жиналысы өткізілді.

Күн тәртібінде:

1. "Қазақ қызының ұлттық тәрбиесі" арнайы шақырылған спикер тренингі;
2. "Қазақ қызы бүгінгі күн қандайсың?"сұрақ-жауап айдары;
3. "Зиянды әдеттер ден аулақ бол";
4. "Мектептің ішкі тәртіп ережелері";
5. Ағымдағы мәселелер қаралды.

Қызбалалар тәрбиесі жөнінде директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.А Тауова сөз сөйледі. Жиналысқа 10-11 сыныптар бойынша қызбалалар қатысты.

<https://www.instagram.com/reel/DO3BWbliPOp/?igsh=Y3g5MmRrbDh0emo=>

26 қыркүйек күні "Жігіт болсаң, жігеріңді жасытпа" тақыбында мектепшілік ұл балалар жиналысы өткізілді. Күн тәртібінде:

1. "Ұл бала тәрбиесі. Ұлдарға кеңес"
2. "Құқықбұзушылықтарға мүлде жол бермеу"
3. "Оқушылар өмірінің қауіпсіздігі"
4. "Темекінің зияны"
5. "Ішкі тәртіп ережелері"
6. Ағымдағы мәселелер қаралды



29- қыркүйек күні АБЫРОІ ЖҮГІРУ МАРАФОНЫ ұйымдастырылды. АБЫРОІ жүгіру марафоны ерекше көңіл-күй, достық пен энергияға толы керемет шара болды! Денсаулыққа серпін беріп, бірлікті нығайтып, жаңа таныстық пен қуаныш сыйлаған бұл марафоны – бәріміз үшін үлкен жеңіс.

<https://www.instagram.com/reel/DPLzY2kjNov/?igsh=cmt0ZnQ4ZGI2ejY3>

2 қазан «Дублер күні» 10-11 сынып оқушыларының сабақ беруі;

3 қазан «Ұлылықтың басында ұстаз тұрар мәңгілік» мерекелік концерті.

<https://www.instagram.com/reel/DPWACdoDXvK/?igsh=MW9wbDNkem5kaGU2MA==>

Құрмет айына орай, қайырымдылық айы аясында “АТА-ӘУЛЕТТИҢ ТІРЕГІ, ӘЖЕ-ҰРПАҚТЫҢ ЖҮРЕГІ” атты шара оздырылды.

<https://www.instagram.com/reel/DPoMSBEDWLU/?igsh=OW5hNHVjYzZ0bm5t>

Welcome Party 2025 — Жаңа оқу жылы дәстүрге айналған әсерлі Welcome Party кешімен басталды. Кеш барысында оқушылар би билеп, ойындар ойнап, түрлі номинациялар бойынша марапатталды. Бұл кеш – жай ғана көңіл көтеру емес, жаңа таныстықтардың, жаңа достықтардың бастауы болды. Әр сынып ерекше дайындалып, сахнада өз таланттарын көрсетті. Мұндай жарқын сәттер – мектеп өмірінің ең естен кетпес естеліктері болып қалады.

<https://www.instagram.com/reel/DP37dvbjRmd/?igsh=MTN3cnNkMWZzbmth>

21 қазан күні мектебімізде Абыроі Cup 2025 дебат турнирі өтті. Пікір мен ойдың сайыс алаңы болған бұл турнирде оқушылар өз шешендігі мен логикалық ойлау қабілеттерін жоғары деңгейде көрсетті. Әр фракция өз көзқарасын дәлелдеп, тың идеяларымен ерекшеленді. Жеңімпаздар мен үздік спикерлер марапатталды.

<https://www.instagram.com/reel/DQDuVqYCB9S/?igsh=Zm93eHQwajBrY2Z0>

24 қыркүйек күні оқушы жастар арасында діни радикализмге қарсы иммунитет қалыптастыру бағытында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Кездесуге Дін басқармасының теолығы Абдулвахид Бабаханов қатысты.

Мақсаты:

- Деструктивтік діни ағымдардың жеке тұлғаға, қоғамға тигізетін кері ықпалы жөнінде ой салады. Қазақ халқының салт дәстүрін, мәдениетін, құндылықтарын насихаттау арқылы экстремизм мен терроризмнің таралуына жол бермеу;
- Кездесулер арқылы өскелең ұрпақтың бойына ұлтжандылық, Отан сүйгіштік қасиеттерді сіңіре отырып патриотизмге тәрбиелеу.

Кездесуде төменгідей тақырыптар талқыланды:

- Зайырлы қоғам және мемлекет дамуының зайырлылық принциптері;
- Жастар арасында рухани құндылықтарды түсіндіру және діни сауаттылықты арттыру;
- Дәстүрлі діндердің рухани құндылықтарын түсіндіру;
- Дінмен дәстүрдің өзара байланысы;
- Отандық патриотизм. Бірлікпен ынтымақ;
- Рухани-адамгершілік құндылықтарды, ұлттық дәстүрлер мен мәдениетті насихаттау;
- Дін саласындағы құқықтық заң бұзушылықтың салдары;
- Интернет-кеңістікте теріс діни идеологияны насихаттайтын парақшалардың қауіптілігі.

24 қазан — Республика күні орай, «Еркін елдің бастауы» атты танымдық шарамен бастау алған мерекелік күн ерекше өтті. Оқушылар бұл күні Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу тарихына шолу жасап, елдік пен бірліктің маңызын тағы бір сезінді. Шара қызықты әрі тартысты «Білгірлер бәйгесі» куизиімен жалғасты.

<https://www.instagram.com/reel/DQMMQT7jXgT/?igsh=cWFiZDh6c2x6cnJp>

Сонымен қатар, мектебімізде “Ұлттың тарихы-елдің ертеңі” атты іс-шара өтті. Оқушыларымыз “Үздік өлкетанушы” төсбелгісінің иегері, Қазақстан журналистер одағының мүшесі, тарихшы, өлкетанушы - Қуанұлы Ахмедияр Батырхановпен кездесті.